

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ауыл» партиясы
фракциясының
депутаттары

2024 жылғы 3 мамырдағы № ДС-196

Құрметті депутаттар!

Сіздердің асыл тұқымды қой шаруашылығын дамытуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізіліміне сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша асыл тұқымды қойлардың жалпы саны 2 113,1 мың басты құрайды (үлес салмағы – 10,7 %).

2023 жылы асыл тұқымды қой шаруашылығын дамытуды субсидиялауға 23,7 млрд теңге бөлінді, аталған мемлекеттік қолдауды алуға 15 794 өтінім түсті және толықтай қанағаттандырылды. Өтінімдердің басым бөлігі асыл тұқымды және тауарлы аналық қой басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге, отандық асыл тұқымды қой сатып алуға, қойдың аналық басының азығына кеткен шығындарды өтеуді субсидиялауға жұмсалды.

Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде қой басы және қой еті өндірісі артты, соңғы 3 жылда олардың көрсеткіші сәйкесінше 6,0%-ға (19,7 млн бас) және 1,3%-ға (177,9 мың тонна) өсті және агроқұрылымдардағы қой саны өткен жылғы қаңтар-желтоқсан жағдайы бойынша 8%-ға өсті.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлармен соңғы 5 жыл ішінде 10 мыңға жуық профилактикалық бақылау нысанында тексерістер жүргізілді. Нәтижесінде асыл тұқымды мал шаруашылығында 5 мыңнан астам кемшіліктер анықталып, жеке және заңды тұлғалармен түзетілді.

Жалпы соңғы жылдары қой шаруашылығында ғылыми институттарға жаңа қой тұқымдары және тұқымішілік типтерге «Селекциялық жетістіктер туралы» ҚР Заңына сәйкес патенттер беріледі.

Қой шаруашылығы саласында құрылған 16 республикалық палата қызметін регламенттеу мақсатында 2024 жылдың екінші жартыжылдығында қой шаруашылығы жөніндегі республикалық палаталардың, «Атамекен» ҰКП,

орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, депутаттар және басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен палаталардың қызметтерін қайта ұйымдастыру жөнінде кеңес өткізіледі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі, Ұлттық экономика министрі және Қаржы министрінің 2023 жылдың 29 желтоқсандағы бірлескен бұйрығымен 2024-2026 жылдарға арналған қой шаруашылығын дамыту жөніндегі жол картасы (*бұдан әрі – жол картасы*) бекітілді.

Жол картасының аясында Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне және ТМД-ға, Әзірбайжан, Иран, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері сияқты елдерге қой етін экспорттауға арналған ветеринариялық талаптар мен сертификаттар мақұлданды.

Жүн мен теріні өңдеу бойынша кәсіпорындарды ашуға және құруға бағытталған бастамаларды бірінші кезекте қаржыландыруға және отандық репродукторлар құруға қатысты

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары шеңберінде жаңа кәсіпорындарды салу және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту кезінде ауыл шаруашылығы жануарларының жүнін қайта өңдеу кәсіпорындарының шығындарын өтеу көзделген.

Бұл ретте, жүнді және теріні терең өңдеу саласын дамыту үшін инвестициялық субсидиялау қағидаларына жүнді және теріні терең өңдеу жөніндегі «Ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеу кәсіпорындарын құру және кеңейту» паспорты енгізілді. Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі 25%-ды құрайды.

Сонымен қатар жүн дайындау кәсіпорындарына мемлекеттік қолдау ретінде жүн дайындау пункттерін, қойларды электрлі механикалық қырку құралдарын, жылжымалы қырку пункттерін инвестициялық субсидиялау қарастырылған.

Бұдан басқа, «Атамекен» ҰКП және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспар (*бұдан әрі – Кешенді жоспар*) әзірленді.

Кешенді жоспар жобасын іске асыру үшін республикалық бюджеттен 371,7 млрд теңге қосымша қаражат бөлу республикалық бюджет комиссиясының отырысында мақұлданды. Қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі елдің экономикалық даму қарқынын, республикалық бюджеттің кіріс бөлігінің мүмкіндіктерін негізге ала отырып, тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджеттің жобасын нақтылау немесе қалыптастыру және уәкілетті орган тиісті растайтын құжаттаманы енгізу кезінде қаралатын болады.

Бүгінгі таңда қой шаруашылығы бойынша агроөнеркәсіптік кешен инвестициялық жобалар пулында Австралия тәжірибесі бойынша 2 ірі жоба бар. Бұл Абай облысындағы «Еуразия Агро Семей» ЖШС және Жетісу облысындағы «Алакөл-Агро» ЖШС.

Бұдан басқа, Жол картасында қой шаруашылығымен айналысатын ауыл шаруашылығы құралымдарының санын ұлғайту және қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінен жаңа фермерлік қой шаруашылықтарын құру көзделген. Жалпы елімізде асыл тұқымды қой өсірумен айналысатын 11 мыңға жуық шаруашылықтар бар.

Ғылым-білім мен бизнестің әлеуетін біріктіретін, мамандар дайындауды жүйелі жүргізу үшін Қ.Ү. Медеубеков атындағы Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (бұдан әрі – институт) базасында оқу-әдістемелік орталық құруға қатысты

Институт қой шаруашылығын дамытуды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етумен айналысады, оның шеңберінде қой тұқымдары мен желілерді өсіру, ұсақ малды азықтандыру мен күтіп-бағудың инновациялық технологиялары, сондай-ақ семинарлар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстарын өткізу арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге білім беру кіреді.

Соңғы 10 жылда институттың ғалымдары 3 тұқым және 6 тұқымішілік қой типтерін шығарды, сондай-ақ 3 аталық қошқар желілерін сынақтан өткізгенін айта кету керек.

2023 жылдан бастап институт Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің желісі бойынша 2023-2025 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға аясында «Құйрықты қойлардың ет өнімділігін селекцияның, генетиканың және биотехнологияның жаңа әдістерімен жақсарту» бағдарламасын іске асыруда.

Анықтама ретінде: Жаңа тұқымдар: «Етті меринос» (2007 ж), «Қазақ мериносы» (2012 ж), «Қазақ етті тезжетілгіш жартылай биязы жүнді тұқымы» (2015 ж) және т.б.

Сонымен қатар, жалпы институт базасында қой өсірумен айналысатын шаруашылықтарға 11 семинар, 47 вебинар және 34 консультация өткізілді. Қой шаруашылығы саласында барлығы 1600-ден астам фермер ақпарат пен дағдыларға ие болды. Ағымдағы жылы 2 семинар, 10 вебинар және 30 консультация өткізу жоспарлануда.

Осылайша, Институт білім беру – ғылым – өндіріс бағыттары бойынша интеграцияланған жұмыстар жүргізілуде.

С. Жұманғарин